

ДЕНІ САУ БАЛА
КАБИНЕТІНДЕ ЖҰМЫС
ІСТЕП, ЕСЕПКЕ ЖАЗУ

Орындаған: Әбілқаир А 539 ОМ

Қабылдаған: Бабажанова М.М

ДЕНІ САУ БАЛА КАБИНЕТІ

- Дені сау бала кабинеттері консультативтік және білім беру жұмысы бойынша ұйымдастыру-әдістемелік және үйлестіруші рөл атқарады. Мұнда медициналық қызметкерлермен қатар балалардың ата-аналары немесе отбасында ерте шақтағы балаларға күтім көрсететін адамдар да білім алып, дағдылана алады.





- Дені сау бала кабинеттерінің негізгі міндеті балалар денсаулығын қорғау бойынша алдын алу іс-шараларын жүргізу, соның ішінде: медициналық қызметкерлердің білімін үздіксіз жетілдіру;
- Дені сау және науқас баланы күту, тамақтандыру, дене және психологиялық-әлеуметтік даму мәселелері бойынша



- Медициналық қызметкерлерге ерте шақтағы балаларға патронаж жүргізу әдістемесін және жүкті әйелдерді, бала емізетін әйелдерді және ерте шақтағы балаларды дұрыс тамақтандыру ережелерін үйрету, медициналық қызметкерлерді балалардың психологиялық-әлеуметтік даму жағдайын бағалау мәселелері бойынша, массаж, гимнастика жасау тәсілдерін және т. б. үйрету.



*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ МИНИСТРІНІҢ 2011 ЖЫЛҒЫ 31
НАУРЫЗДАҒЫ N° 164 БҰЙРЫҒЫ. ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНДЕ
2011 ЖЫЛҒЫ 25 МАМЫРЫНДА N° 6897 ТІРКЕЛДІ*

Жалпы ережелер

- 1. Дені сау бала кабинеті (бұдан әрі – ДСБК) балаға бастапқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі – БМСК) көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымдық бөлімшесі ретінде ұйымдастырылады.

- 2. ДСБК ерте жастағы бала денсаулығын сақтау, профилактикалық іс-шараларды уақтылы өткізу мәселелері жөнінде медицина қызметкерлерінің білімі мен дағдыларын үздіксіз жетілдіруді жаңарту арқылы консультациялық және оқу жұмыстарын жүргізеді, сондай-ақ баланы тікелей күтіп-бағумен айналысатын ата-аналар мен өзге адамдарды үйрету арқылы ұйымдастыру-әдістемелік және үйлестіруші орталықтың рөлін атқарады.



- 3. ДСБК штаты медициналық ұйымның жалақы қоры мен штаттық кестесі шегінде белгіленеді. ДСБК-ның негізгі штат бірлігі орта медициналық білімі бар қызметкер болып табылады - 10 000 балаға 1 лауазым. Бала саны 10 000-ға жетпейтін жағдайда ДСБК қызметі БМСК ұйымының орта медициналық білімді қызметкерінің біріне



- 4. ДСБК қызметіне БМСК педиатрия бөлімшесінің бастығы немесе аға дәрігері басшылық етеді.
- 5. Саламатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын аумақтық денсаулық сақтау ұйымдары ДСБК-ге ақпараттық-әдістемелік көмек көрсетеді.



ДЕНІ САУ БАЛА КАБИНЕТІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

- 1) БМСК ұйымдарының медицина қызметкерлерін 3 жасқа дейінгі бала ауруларын профилактикалық жұмыстарының мәселелері бойынша білімі мен дағдыларын арттыратын іс-шараларды өткізу;
- 2) медицина қызметкерлерін жүкті әйелдерге бала туғанға дейін патронаж өткізу, сондай-ақ ерте жастағы балаға патронаж өткізу ережесі мен әдістемесін үйрету;
- 3) әйелдер консультациясының және жүкті әйелдерді бақылаудағы сабақтастықтың тұрақты байланысын жүзеге асыру;

- 4) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына сәйкес дені сау және ауру балаға, мүмкіндігі шектеулі баланың тамақтануы, физикалық және психологиялық-әлеуметтік дамуы күтім жасау мәселелері жөнінде тақырыптық сабақтар өткізу;
- 5) медицина қызметкерлерін жүкті, бала емізетін әйелдер мен ерте жастағы баланы құнарлы тамақтандыруды, сонымен қатар емшекпен қоректендірудің негіздері мен тәжірибесін, уақытылы қосымша тамақтандыруды енгізу, дайындау мәселелері жөнінде үйрету;



- 6) медицина қызметкерлерін ерте жастағы баланы психофизикалық дамыту скринингін өткізуге үйрету;
- 7) медицина қызметкерлерін мынадай мәселелер бойынша үйрету:
 - балада болатын микронутриентті жетіспеушілік пен мешел ауруларының алдын алу;
 - «қауіпті белгілер» анықталған жағдайда ата-аналар немесе балаға тікелей күтім жасайтын басқа адамдарға ауру баланы күтіп-бағу ережесін, тамақтандыру мен сұйық ішкізу режимін үйрету;
 - ерте жастағы баланың психологиялық-әлеуметтік дамуын кейіннен консультация бере отырып бағалау;
 - отбасында баланы жек көрушілікті анықтау және оған зорлық-зомбылық көрсетудің алдын алу;

- баланы мектепке дейінгі балаға ұжымдарына баруына дайындау;
- әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын аналардан баланы бөліп алу
- 8) медицина қызметкерлерін ерте жастағы балаға массаж және оларға жаттығу жасау тәсілдерін өткізуді үйрету;
- 9) жүкті және бала емізетін әйелдерді құнарлы тамақтану практикасына үйрету және оларға консультация беру

- 10) ерте жастағы баланы күтіп-бағатын адамдарға мына мәселелер бойынша консультациялар беру және оларды үйрету:
- - дұрыс тамақтану (емшек емізудің өзектілігі, тамақты уақтылы беру);
- - ерте жастағы баланы массаж және жаттығу жұмыстарын жасату;
- - ерте жастағы баланы психологиялық-элеуметтік дамыту;
- - қауіпті белгілер анықталған жағдайдағы әрекеті, бала ауырған кездегі тамақ беру және ішкізу режімі;
- - микронутриентті жетіспеушілік пен мешел ауруының уақтылы алдын алу;
- - балаға отбасында зорлық-зомбылық көрсету мен оны жек көрудің алдын алу



□ ДСБК-нің оқу материалдары, көрнекі құралдары және ұйымдастыру техникасы:

- 1) ерте жастағы балаға патронажды бақылау және бала туғанға дейінгі патронаж өткізу ережесі;
- 2) (дені сау және науқас баланы) тамақтандыру және дамыту мақсатында күтім жасау бойынша – «Анаға жаднама» әдістемелік ұсынымы;
- 3) «Ерте жастағы баланы тамақтандыру»

- 4) Қазақстан Республикасының ұлттық профилактикалық екпесінің күнтізбесі;
- 5) тамақ өнімдердің пирамидасы;
- 6) дені сау баланы тамақтандыру мен ауырған кезде де оған күтім жасау туралы ұсынымдар;
- 7) ерте жастағы балаға арналған массаж және жаттығулар кешені;

- 8) бала ауырған кезде «қауіпті» және баланың дамуындағы қолайсыздық белгілері;
- 9) физикалық даму картасы;
- 10) бейнематериалдар (емшек емізу, дамыту мақсатындағы күтім, аурудың қауіпті белгілері және отбасындағы науқас балаға жасалатын күтім);
- 11) бала жастағы ауруларды ықпалдастыра қарау модулінен фотоальбом.



КАБИНЕТ ЗДОРОВОГО РЕБЕНКА